

## Бейнелеу өнерінің тарихы бойынша емтихан

30 наурызда Балалар көркемөнер мектебінде 4-ші курс оқушылары үшін бейнелеу өнерінің тарихы бойынша емтихан өткізілді. емтихан екі кезеңнен тұрады: бірінші кезең – тест (жазбаша), екінші кезең – берілген тақырып бойынша презентацияны қорғау (ауызша). Мектеп мұғалімдерінен құралған емтихандық комиссия тестілеу бойынша жұмыстарды және презентация қорғауды бағалады. Комиссия оқушылардың жоғары деңгейдегі дайындығын, ынталылығын, ғылыми тұрғыдан қарауын, соның нәтижесінде – сапалы әзірленген презентацияларын ерекше атап, жоғары баға берді. Бұл жұмыстар келешекте бейнелеу өнерінің тарихы сабақтарында көрнекі құрал ретінде пайдаланылады.

